

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы
**«Білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент негізінде қазіргі
ұйымды басқару жүйесі»**
білім беру ұйымдарының басшыларын оқытуға арналған

Бағдарлама авторлары:

Бузаубакова К.Д. - п.ғ.д., М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің
«Педагогика» кафедрасының профессоры

Ордабаева Р.Б. - ф.ғ.к., М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің
«Педагогика» кафедрасының доцент м.а.

Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:

Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары басшыларына, және олардың орынбасарларының біліктілігін арттыру курсына арналған ««Білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент негізінде қазіргі ұйымды басқару жүйесі»» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына, «Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген, «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрықтарына сәйкес әзірленді. Ғылым мен басқару өнері ежелден ерекше назарда болған. Оларда билік пен байлық, елдің әл-ауқатымен өзара байланысы айқын болды. Билік иелері, билеуші топтар басқарушы деп аталғандықтан, олар басқаруды монополияландырды, басқарушылық шешімдерді әзірлеу мен қабылдауды өз қолдарына алды. Сондықтан барлық уақытта басқаруды монополияландыруға деген ұмтылыс осылай болған. Менеджмент басқару ғылымы ретінде ең алдымен бизнесті басқару үшін пайда болды, сондықтан күшті экономикалық бастамасы бар. Білім беруді қамтитын әлеуметтік саладағы менеджмент өзінің күшті жақтарын мінез-құлық тұрғысынан көрсетеді, өйткені ол адамға, әлеуметтік құндылықтарға бағытталған, ал толық мағынасында «адам ұйым» болып табылатын білім беру мекемесі үшін бұл өте маңызды.

Әлемдік тәжірибеде менеджмент ұйымның тиімді және пәрменді жұмыс істеуі мақсатында зияткерлік, материалдық және қаржылық ресурстарды жұмылдыру жөніндегі ғылым, өнер және қызмет ретінде көрінеді. Білім берудегі Менеджмент немесе педагогикалық менеджмент "білім беру ұйымындағы ең маңызды шешімдерді қабылдау процесіне назар аудару" ретінде анықталады. Қазіргі білім беру ұйымының практикасына педагогикалық менеджментті енгізу реформаланатын қазақстандық білім беру жағдайында барабар басқаруды жүзеге асыру қажеттілігінен туындайды, білім беру ұйымдары біртектіліктен алшақтап, халыққа вариативті білім беру қызметтерін ұсынып, демократияландыру негізінде дамып, инновациялық процестерге қатысады.

«Білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент негізінде қазіргі ұйымды басқару жүйесі» педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) жалпы білім беру ұйымдары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары мен олардың орынбасарларын оқытуға арналған. Бағдарлама тиімді басқару және ұйымдастыру-педагогикалық қызмет саласында жалпы

білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары басшылары мен олардың орынбасарларының кәсіби құзыреттерін жетілдіруге бағытталған. Осы білім беру бағдарламасы келесі талаптарды анықтайды: - жалпы білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын, олардың орынбасарларын даярлаудың мазмұны; - басқару құзыреттерін дамыту; - тыңдаушылардың білімді меңгеру деңгейі; - оқу жүктемесінің көлемі мен мазмұны; - оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру формалары; - біліктілікті арттыру курстары шеңберінде педагог қызметкерлерді аралық және қорытынды аттестациядан өткізу.

1. Жалпы ережелер

Білім беру ұйымдарының басшыларына арналған «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент негізінде қазіргі ұйымды басқару жүйесі» біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы (көлемі 80 сағат) заманауи менеджментті ұйымдастыру дағдыларын дамытуға, басқарушылық құзыреттілікті арттыруға бағытталған.

Бұл бағдарламаның өзектілігі отандық білім беру жүйесінің жүргізіліп жатқан реформалары жағдайында басқару функцияларын орындауға психологиялық және кәсіби дайын жаңа формация жетекшісін, басшы-менеджерді қалыптастыру қажеттілігінің туындауына байланысты.

Қазіргі білім беру ұйымында басқарушылық шешімдерді қабылдау жағдайын терең ұғынуды, талдауды және болжай білуді талап етеді, осыған байланысты стратегиялық менеджменттің белгілі бір құралдарының болу қажеттілігі туындайды.

Білім беру ұйымдары басшыларының қызметін зерделеу қолда бар ішкіжәне сыртқы ресурстарды ескере отырып, мектептің тіршілігін диагностикалау, жобалау және қайта құру мәселелері бойынша басқарушылық білімдердің, дағдылардың жеткіліксіздігі, сондай-ақ менеджер рөлін жүзеге асыруға психологиялық дайындықтың шектеулілігі проблемасын анықтады. Оқытудың мазмұны жоғарыда аталған мәселелерді шешуге бағытталған.

Бұл бағдарлама «тиімді басқарушы қалай болуға болады?» деген сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді және курс тыңдаушыларында келесі құзыреттерді қалыптастыруға ықпал ететін болады:

- өзін-өзі басқару құзыреті,
- стратегиялық ойлау,
- жауапкершілікті қабылдауға және проблемаларды шешуге дайындық.
- ақпараттық-аналитикалық, жобалау құзыреті.
- коммуникативтік құзыреттілік
- цифрлық құзыреттер.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының практикалық маңыздылығы кәсіби-педагогикалық білімді және практикада басқарушылық іскерлікті қолдану болып табылады.

Оқу ұзақтығы – 80 сағат. Өткізу түрі –күндізгі, қашықтықтан.

2. Глоссарий

Басқарушылық біліктілік – тәжірибе, білім, қабілеті және басқарушылық бейімі, қоспалары, басшылық жұмысына дайындығының көрсеткіші және басшы ретінде негізделген басқару шешімін қабылдай алу қабілеті.

Басшылық стиль – бұл басшының өзінің қарамағындағылармен қарым-қатынас жасау әрекеті. Жалпы басшылық стилінің 3 түрін бөліп қарастыруға болады: авторитарлық; либералдық; демократиялық (жариялылық).

Бәсекесестік – білім беру мекемелерінің нарықтағы өз сегменттері үшін күресі, оқушылардың потенциалды контингенті, бәсекелестіктің белсендірілуіне байланысты жарнамалық шығынның өсуі және қызмет көлемінің өсуі.

Бесінші деңгейдегі инновация – білім беру жүйесінің «жаңа буынын» құрумен ерекшеленеді (жүйенің алғашқы қасиеттерін түгел өзгерту болып табылады).

Бизнес-жоспар – жоспарлау жүесіндегі қоғам мақұлдаған әртүрлі ұйымдық құқықтық нысандағы кәсіпкерлік құрылымдар пайдаланатын жүйе жол.

Білім беру сапасы – білім берудің белгілі бір нормалар мен стандарттарға және оқушылардың дайындық сапасын сипаттайтын мүдделері мен қажеттіліктеріне сай болуы.

Білім сапасы – адам өз білімін әртүрлі қызмет түрлерінде көп аспектілі талдауды меңгеру және қолдану нәтижесін айқындайтын, білім мазмұны мен меңгеру деңгейлерінің ара қатынасын анықтайтын көрсеткіш.

Білім сапасы – тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың білімі, ептілігі, дағдылардың мазмұнына, көлеміне тұрақты және дамудағы тұтынушылықтарын қанағаттандыратын қабілеттілікті сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы.

Білім алушылардың қорытынды аттестаттауы – олармен білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартпен қарастырылған оқу пәндерінің көлемін игеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттауы – білім беру ұйымдарымен ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес келуін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім.

Бірінші деңгейдегі инновация – сапасы өзгеріссіз қалатын жүйенің сандық өзгерісімен сипатталады.

Даму стратегияларының түрлері – жуырдағы келешекке деген ұйым мінез-құлқын жалпылайтын модель түрлері.

Демократиялық (жариялылық) стиль – басшылық бөлінеді, басшылыққа педагогтер да қатыстырылады, жауапкершілік бөлінеді.

Диверсификация – білім беру қызметінің деңгейі мен түрлеріне сұраныстың артуы, білім берудегі ілеспелі және қызмет ететін іс-әрекет сферасының

дамуы (көлік мектебі, жатақхана, тұрмыстық қызмет көрсету, өндіріс және т.б.).

Дифференциация – нарықты ырықтандыру жағдайында халықтың әртүрлі қажеттіліктерінің үдемеленуінен білім беру қызметінің неғұрлым арту шарты.

Дидактикалық жүйе – оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ және сабақтан тыс оқу-тәрбие жұмыстары; міндетті және факультатив дәрістер.

Дидактикалық қабілет – оқушыларға оқу материалын түсінікті етіп жеткізу, олардың білім дәрежесі, іскерлігі мен дағдысын дұрыс анықтай білу, пәнге қызығушылығын арттырып, таным белсенділігін және ойын дамыту.

Екінші деңгейдегі инновация – жүйенің элементтерін қайта топтастырып, ұйымдастырушылық өзгерістерімен ерекшеленеді (мысалы, белгілі педагогикалық құралдардың жаңа комбинациясы, оның реттілігінің өзгерісі, пайдалану ережелерінің түрленуі).

Ескерту бақылау – белгілі бір сұраққа немесе педагогикалық міндеттерді шешуге мектеп мұғалімдердің назарын аудару үшін жүргізілетін тексеру түрі.

Жалпылай бақылау – тоқсан соңында немесе жартыжылдық жеке оқу курсы бойынша білім алушылардың пәндік білімді және іс-әрекет тәсілдерін (біліктер мен құзырлықтарды) меңгеру нәтижелерін қадағалау.

Жаңашыл мұғалім – шебер ретінде өз іс-тәжірибесін жаңа әдістермен, жаңа технологиялармен байытып отыратын шығармашыл мұғалім.

Жас маман – педагогикалық еңбек өтілі 1-3 жыл болатын, еңбек жолын жаңадан бастаған жас мұғалім.

Жетінші деңгейдегі инновация – нәтижесінде жүйенің негізгі қызметтік принципі өзгеріске ұшырайтын білім беру жүйесінің жоғарғы, түбегейлі өзгерісімен сипатталады, яғни білім берудің «жаңа» жүйесі.

Жоспарлау – мекеме қызметінің жоспарларын жасап, оның құрамды бөліктерін анықтауға қатысты басқару іс-әрекетінің функциясы.

Жоспарлау – мектеп жұмыстарының барша бағыттары бойынша алыс болашақ пен әр жылға жоспар түзу.

Жоспарлау – мектеп жұмыстарының барша бағыттары бойынша алыс болашақ пен әр жылға жоспар түзу.

Жұмыс жоспары мамандық бойынша және іс-әрекет бағыты бойынша құрылымдық бөлімдердің мақсат, міндеттерін анықтайды. Жұмыс жоспары 1-2 жылға жасалынады, ұдайы түзетулер ендіріліп отырылады.

Жүйе – бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын, сөйтіп белгілі бір тұтастық, бірлестік құратын көптеген құрамдас бөліктер жиынтығы.

Зерттеу әдіснамасы – стратегиялық менеджментте қолданылатын жалпы және арнайы зерттеу әдістерінің жиынтығы: жүйелі анализ, STEP және SWOT анализдері, мақсатты басқару және т.б.

Зерттеуші мұғалім – өзінің ұсынған авторлық технологиясының басқа мектепте, басқа аудан (қала), облыс деңгейінде, республика көлемінде қандай деңгейде, қалай өтуіне байланысты тікелей зерттеу жүргізетін, нәтижесін сараптай алатын, зерттеу жұмысына диагностикалық мониторинг жүргізе алатын жаңашыл мұғалім.

Индикативті жоспарлау – ұзақ мерзімге құрылған жоспарға өзгерістер немесе жаңалықтар енгізу.

Инновация – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі.

Инновация – бұл жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі.

Инновация – бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын босатып, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес жаңалық.

Инновация – көрсетілген деңгейге апаруды қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас жаңа үлгісі.

«**Инновация**» сөзі латын тілінен енген /in – в, novis – жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді.

Интервенция – шет елде білім алуға деген шектеудің алынып тасталуымен байланысты ірі шет елдік университетерің халықаралық бәсекелестігі және дәулетті адамдар үшін ақылы сапалы қызметтің жаңа нарығының ашылуы.

Кешенді бақылау – бір мұғалімнің жұмыс жүйесінің толықауқымына, бір топ мұғалім немесе мектептегі барлық мұғалім жұмысына жан-жақты жүргізілетін бақылау.

Коммуникация – жақсы координациялық жұмысты жүргізу үшін басқару қызметінде ақпаратты алу, өңдеу және жеткізу барысындағы іс- әрекеттер жүйесі.

Координация – процестің үздіксіздігін, тоқтаусыз жүруін қамтамасыз ететін басқару функциясы. Координациялаудың басты мақсаты – тиімді байланысты орнату арқылы мекеменің барлық бөлімдерінде өзара келісімділікті, үйлесімділікті қамтамасыз ету.

Көшбасшы (ағылшынның LEAD (лидер) – артынан ерту, іліктіру) – болашақты меңзей алатын, ұжымды артынан ілестіре алатын, жеке басының идеясы бар жаңашыл адам.

Креативті мұғалім – өзінің авторлық технологиясын ғылыми тұрғыдан негіздей алған, іс-тәжірибесі республика көлемінде танылған, насихатталған ұдайы ізденістегі жаңашыл, шебер, шығармашыл мұғалім.

Күнделікті (сабақ сайын) бақылау – нақты сабақтың оқу материалын меңгеру нәтижелерін қадағалау.

Қадағалау – талдау және жаңа міндеттерді белгілеу үшін көзделген жоспарлардың орындалуы жөнінде уақтылы ақпараттар алып тұру.

Қолданбалы қабілет – мұғалім өз мамандығына тікелей қатысы жоқ іс-әрекет түрі – спорт, шахмат ойындарымен, көркем өнер, бейнелеу өнері туындыларымен айналысып, оқушыларды қызықтыра білуі.

Қорытынды бақылау – нақты сыныптағы немесе мектеп сатысындағы білімінің соңғы нәтижелерін (аттестация) қадағалау.

Құзіреттілік (латынша Competens) – қабілетті, қатысты. Белгілі бір саланың тұлғаларының білім, білік, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері.

Люмпенизация – халық жұмыссыздығының толық және ішінара өсуі, табысы төмен деңгейдегі контингенттің өсуі және ақылы түрде білім алуға деген сұраныс;

Мақсатты айқындау – бүкіл жүйенің, сонымен бірге әр кезеңнің соңғы нәтижесін болжап, ой-санада нақтылау.

Мекеменің миссиясы – бұл әлі қол жетпеген, мекеме жетуге ұмтылатын күйі. Мектеп миссиясы мектептің 5-10 жылға даму бағытын көрсетеді. Миссияға жету үшін жоғары оқу орнының мақсаты, міндеті анықталынады.

Мектептің әкімшілікжүйесі–оқу процесін басқару; тәрбие жұмыстарына жетекшілік;әдістемелік жұмыстарға жетекшілік.

Менеджмент – бұл адамдардың ынтымақтастығы, өзара қарым-қатынас тәсілі, нәтижесі адамның ішкі әлеуетіне бағытталған әкімшілік іскерліктің ерекше формасы.

Менеджмент – бұл басқа адамдардың еңбегін,ой өрісін, тәртіп уәждерін қолдана отырып, алға қойылған мақсаттарға жете білу ептілігі.

Менеджмент – бұл басқару ғана емес, кез келген маманға қажет білімдердің жиынтығы.

Менеджмент – білім беру процесін басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастырушылық формалары мен технологиялық тәсілдер кешені.

Менеджмент – өз еңбегін пайдаланып, интеллектісін және басқа да адамдардың тәртібін пайдаланып жетекшінің қойылған мақсатына жете білуі. Басқаша айтқанда бұл ғылым саласы және адамдар мен әлеуметтік процестерді басқару өнері.

Менеджмент – өндіріс пен өткізуді басқару құралы мен формасы, қазіргі заманғы қағидалары, тәсілдері және оның тиімділігін арттыру мен пайданы көбейту.

Мониторинг – объектінің (процесс, өнім) жай-күйін бағалау мақсатында нақты бағдарлама негізінде тұрақты бақылау жүйесі, ондағы болып жатқан құбылыстарға талдау жасау және оның өзгерісін дәл уақытында анықтау.

Мониторинг – ұзақ уақыт белгілі бір мақсат негізінде жинақталған, сақталған ақпараттарды өңдеу, субъектілерді ақпарат нәтижесімен қамтамасыз ететін кері байланыс.

Мониторинг (латын тілінен енген сөз, тікелей аудармасы – еске түсіруші, қадағалаушы) – қоршаған ортаны адам қызметімен байланысты бақылау, бағалау, болжамдау деген мағынаны білдіреді.

Мотивация–бүліс-әрекет,қызмет; оның мақсаты–ұжым мүшелерінің жұмысын жандандыру, оларда тиімді еңбекке, мақсатқа жетуге деген ынта тудыру.

Мотивация – мекеме қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетін ынталандыру және өзін-өзі дамыту бойынша басқару іс-әрекетінің функциясы, сондай-ақ әрбір

қызметкердің шығармашылық белсенділігін қалыптастыратын ұжымдағы тиімді әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыратын басқару іс-әрекеті. **Мультипликативтілік**– жүйе элементтері қызметтерінің(әрі позитивті, әрі негативті) еселепартуы (қосылуы емес).

Негізгі бақылау - ең негізгі кезең ол мектептің негізгі міндеттерінің орындалу барысын айқындау үшін оқу-тәрбие процесінің жайы мен оның нәтижелерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Нөлдік деңгейдегі инновация – жүйенің алғашқы қасиеттерін практика жүзінде түрлендіру (дәстүрлі білім беру жүйесі немесе оның элементтерін жаңадан қарастыру).

Озат тәжірибе – әдеттегі қалыпты деңгейден жоғары табыстарға жеткізетін педагогикалық іс-әрекеттердің кешенді жиынтығы, жалықпай шығармашылықпен еңбек етудің нәтижесі.

Озат тәжірибелі мұғалім – педагогикалық процесті ұйымдастыру мен басқаруда жоғары нәтижеге жеткеналдыңғы қатарлы мұғалім.

Оқушылардың қарым-қатынастары және олардың мектептегі өзіндік басқару жүйесі –оқушылардың өзін-өзі басқаруы.

Оқыту сапасы деп білім мазмұнын игерудің (білімнің, іс-әрекет тәсілдерінің, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің, эмоционалдық-құндылық қарым-қатынастарының) және оқушылардың оқу процесінің түрлі кезеңдерінде өздерінің жеке мүмкіндіктері, талпыныстары мен оқыту мақсатына сәйкес дамуының белгілі бір деңгейін айтады. Егер оқыту нәтижелері операциялық тұрғыда берілген мақсатқа сәйкес келсе және әлеуметтік даму аймағында болжанған болса, онда оқыту сапалы деп танылады.

Өктемшіл стиль – басшының барлық шешімдерді жеке қабылдауы, сол сияқты жұмыскерді жеке адам ретінде елемейтін тән. Басшы қол астындағы адамдарды, кәсіпорынның иерархиялық ұйымынан туындайтын олардың бұлжытпай бағынуын күтіп, өзінің заңды билігінің күшімен басқарады.

«Педагогикалық ұжымның жағдайы» сипаттамасының көрсеткіштері – мұғалімнің өз әрекетінің және басқару ісінің объектісін осы заманға лайық ұға білу; педагогикалық процесті басқаруға мұғалімнің теориялық және әдістемелік даярлық деңгейі; оқушылар ұжымын қалыптастыру әдістемесін білу; педагогикалық процесті диагностикалауға дайындық; дарындылармен және тәрбиесі нашар балалармен жұмыс істеуге дайындық.

Педагогикалық менеджмент – бұл қағидалардың, әдістердің, ұйымдастырылған формалардың, технологиялық әдіс - жинақтарының қызметін көтеруге және дамытуға бағытталған педагогикалық жүйелерді басқару.

Педагогикалық менеджмент – тиімділігін арттыруға бағытталған білім процесін басқарудың технологиялық тәсілдері, ұйымдық формасы, әдісі, қағидаларының кешені.

Педагогикалық процесс – қойылған мақсатқа жетуге бағытталған, тәрбиеленушінің қасиеттерінің белгіленген өзгерісіне, түрленуіне алып келетін тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара бірлескеніс-әрекетінің дамуы.

Педагогикалық процесс – өзінің табиғатында өзіне-өзі әрекет жасай алатын жеке қоғамдық тұлғаның жан-жақты жетілуі.

Педагогикалық процесс – үлкендердің мақсатты, мазмұнды, ұйымдасқан педагогикалық-әрекеттерінің өзара әсері және тәрбиешінің басым рөліне бағытталған белсенді өмірлік іс-әрекет нәтижесінде баланың өзін-өзі өзгертуі.

Педагогикалық процесті басқару – қойылған мақсатқа сәйкес шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, басқару объектісін зерттеу, алынған ақпараттарды талдау және қорытындылау.

Педагогикалық процестің «оқушылар отбасының әлеуметтік-психологиялық портреті» сипаттамасының көрсеткіштері – отбасықұрамы (толық, толық емес); ата-аналардың мамандығы, қоғамдық жағдайы, қызығуы; толық емес отбасынан шыққан оқушылар пайызы; сыныптың, мектептің қоғамдық өміріне қатысатын ата-аналар пайызы; өз қалауымен, өз бастамасымен мектепке келіп тұратын ата-аналар пайызы.

Педагогикалық талдау – оқу процесін, тәрбие жұмыстарын, білім мекемесінің материалдық қорын, қаржы-экономикалық жағдайын педагогикалық мамандар мен тәрбиеленушілер құрамын жетілдіруге байланысты зерттеулер және талдаулар, нақты қорытындылар жасап, ұсыныстар беру.

Педагогикалық талдау – педагогикалық процестің даму тенденциясы мен жағдайын зерттеуге бағытталған басқару қызметі.

Педагогикалық-ұйымдастырушылық дайындық – жұмыс жағдайын, оқу-тәрбие процесінің жағымды, жағымсыз факторларын білу, әрқилы диагностикалық әдістерді меңгеру, өз ізденісі үшін хал-ахуалды таба білу шеберлігі, ата-аналар белсенділігі және оқушылардың өздерінің арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнату.

Педагогикалық қызметкерлердің аттестаттауы – педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкес келуін анықтау мақсатымен жүргізілетін рәсім.

Перцептивті қабілет. Оқушының ішкі дүниесін тани білу. Қабілетті мұғалім оқушыларда ауық-ауық болатын психологиялық жағдайды (ренжу, қобалжу және т.б.) бірден байқайды.

Психологиялық дайындық – өз мүмкіндігі жайлы нақты болжам (объективті өзіндік бағалау), өзіне деген талап қоюшылық, өзін-өзі сынаушылық, ұйымдасқандық, байқампаздық, батылдылық.

«Талап қоюшылық» –білім беру мекемелерін таңдау еркіндігінен және табыстың өсуі салдарынан азаматтардың білім беру сапасына талап деңгейінің өсуі;

Тәрбиелік жүйе – сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстары; отбасы тәрбиесі, қоғамдық мекемелердегі тәрбие және тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі.

Тактикалық жоспарлау – барлық басқару функциясының ішінде жоспарлау ең елеулісі болып саналады. Өйткені мұның өзі кез-келген балама әрекеттерді таңдап, алуға байланысты.

Тақырыптық бақылау – оқу бағдарламасының түйінді тақырыптары бойынша білім мен біліктерді білім алушылардың меңгеру нәтижелерін қадағалау.

Талдау – тұтас құбылысты ойша құрамдық элементтерге немесе құбылыстарға жіктеп, ары қарай зерттеу үшін талдаудан тұратын ғылыми зерттеу әдісі.

SWOT-талдау – **Streng** – күш, **Weakness** – әлсіздік, **Opportunity** – мүмкіндіктер және **Threat** – кедергілерді анықтау.

Тәжірибелі маман – педагогикалық еңбек өтілі 3-5 жыл болатын, өзіндік тәжірибесі бар тәжірибелі мұғалім.

Тест ағылшынның «test» сөзінен шыққан (тікелей аудармасы – сынау, зерттеу). **Тест** – адамның ақыл-ойының, қабілетінің, ерік күш-жігері мен өзге жеке-дара қабілеттерінің даму деңгейін айқындау мақсатында қолданылатын стандарттық тапсырма; жеке-дара не топтық ерекшеліктерін айқындауға арналған, орындау уақыты шектеулі, қиындық дәрежесі біркелкі емес тапсырмалар жиынтығы; қысқа бір мәнді жауап немесе ұсынылған бірнеше түрлі варианттардан дайын жауапты іріктеп алуды талап ететін сұрақтар.

Технологиялық дайындық – педагогикалық шеберлікпен технологияны еркін меңгеру үшін қажетті болжамдық, жобалаушылық, конструктивті, коммуникативті және диагностикалық шеберлік пен дағды.

Төртінші деңгейдегі инновация – шешімнің жаңа нұсқасы болады (бұл көбінесе білім беру жүйесінің жеке компоненттерінің қызметтік мүмкіндіктерін кеңейте түсіп қарапайым сапалық өзгерістері ретінде көрініс табады).

Тілектестік – адамның өзінің игі көңілін өзі сезіп және жұртқа сезіндіре білу қабілеті, өзгені ұната білу және оған құрмет көрсету, басқаның пікірін сыйлау, қолдау.

Ұйымдастыру – бұл ұйымның құрылымын қалыптастыру кезеңі, ұжымның бірқалыпты тиімді жұмыс жасауын барлық қажеттіліктерімен қамтамасыз ету.

Ұйымдастыру – қызметтік міндеттерді сауатты бөлу, бағыну мен жауапкершілік жүйесін қалыптастыру.

Ұйымның макрожүйе бөлігі – басқарудың өзара байланысты бірнеше функциясын біріктіретін ұйымның ірі құрамдас бөлігі.

Ұйымның өмірлік цикл кезеңдері ұйым дамуының негізгі кезеңдерін бейнелейді: пайда болуы, өсуі, жетілуі, төмендеуі. Бұл кезеңдердің бөлінуін білім беру қызметінің (тауар) өмірлік циклінің кезеңдерімен шатыстыруға болмайды.

Үшінші деңгейдегі инновация – ескі білім беру моделінің шегінен шықпай білім беру жүйесін жаңа жағдайға бейімдеу болып табылады.

Шеберлік – бұл өз мамандығы бойынша жұмыс істейтін әрбір мұғалімге қолайлы болатын оқыту мен тәрбиелеудегі жоғары және үнемі жетілдірілетін өнер.

Шығармашыл мұғалім – өз пәнінің әдістемесін жетік меңгерген, алдыңғы қатарлы озат тәжірибелерді шебер әрі шығармашылықпен қолдана алатын шебер мұғалім.

Ынталандыру – шығармашылық істерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, инновациялық жобаларға қатыстыру үшін жағдайлар жасау; мұғалімдердің рухани бірлік сезімін қалыптастыру, олардың әлеуметтік белсенділігіне дем беру; жетістіктеріне орай бағалау және мадақтау.

Мектеп ішілік бақылау - оқу-тәрбие процесін, білім сапасын, білім алушыларды, педагогтарды, білім беру ұйымдарын дамыту жағдайын зерттеу және талдау

Іскерлік этикет – бұл кәсіби, қызметтік қарым-қатынас, іскерлік саладағы адамдардың мінез-құлқы принциптерімен ережелерінің жүйесі.

Ақпараттық-талдау жұмысы – бұл сапалы және тиімді басқару процесі үшін қажетті ақпараттық процестердің жиынтығы (ақпаратты жинау, іздеу, өңдеу)

Өзіндік менеджмент - өзін-өзі ұйымдастыру, өзін басқара білу, сөздің ең кең мағынасында-уақытты, кеңістікті, қарым-қатынас, кәсіби әлемде басқара білу

Біліктілік санаты – бұл осы қағидалар мен және педагогтерге біліктілік санаттарын беру(растау) қағидалары мен айқындалатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің деңгейі.

Менеджмент бұл өз мақсаттарына жетуге бағытталған ұйымдардағы адамдарды басқару

Педагогикалық менеджмент - оқу-тәрбие процесін басқарудың оның тиімділігін арттыруға бағытталған принциптерінің, әдістерінің, ұйымдастырушылық формаларымен технологиялық тәсілдерінің кешені.

Тәлімгерлік – бұл орта білім беру ұйымында педагогтың кәсіби қызметіне алғаш рет кіріскен тұлғаға кәсіби бейімделуде практикалық көмек көрсету бойынша педагогтің қызметі.

Нормативтік құқықтық акт – бұл республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, өзгертетін, толықтыратын, олардың қолданысын тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы, қағаз жеткізгіштегі жазбаша ресми құжат және соған ұқсас электрондық құжат.

Педагог - тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Педагогикалық этика – бұл білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық этиканың жалпы қағидаттарымен нормаларының жиынтығы

Оқу жылына арналған жұмыс жоспары – бұл өзара байланысты, ортақ мақсаттармен біріктірілген, қойылған мақсаттарды іске асыру бойынша практикалық іс-шаралар жиынтығы.

Педагогикалық менеджмент принциптері – басқарылатын субъектімен (объектімен) өзара әрекеттесу кезінде басқару субъектісінің мінез-құлқының негізгі ережелері.

Жобалық менеджмент – қазіргі заманғы әдістердің (техника, басқару технологиясы) жиынтығын пайдалану арқылы жобалық мақсаттарға тиімді қолжеткізуге бағытталған ұйымдастыру, жоспарлау және үйлестіру әдіснамасы.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес – бұл білім беру ұйымдарында құрылатын, педагогтердің педагогикалық этиканы сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган.

Стратегиялық менеджмент - ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттары мен әрекеттеріне, ұзақ мерзімді шаралармен тәсілдердің өзара байланысты жиынтығына қолданылатын ұйымды басқару функциясы.

Тимбилдинг ұжымды біріктіруге бағытталған шаралар кешені.

Басқару – бұл мақсатқа жетуге бағытталған жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау процесі.

Цифрлы құзыреттер – бұл қызметтің нәтижелілігін арттыру мақсатында адамның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әртүрлі контексте (жұмыс, бос уақыт, оқыту, басқару) пайдалану қабілетінің сипаттамасы.

3. Бағдарламаның Тақырыбы

Модуль 1. Білім берудегі менеджменттің ғылыми-теориялық әдіснамалық негіздері	Модульдің міндеті. Менеджмент – басқару туралы ғылым. Педагогикалық менеджмент педагогикалық жүйелерді басқарудың Теориясы және технологиясы ретінде. Педагогикалық менеджменттің заңдылықтары. Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары Білім беру жүйесіндегі жаңашылдықты басқару.
Модуль 2. Білім беру жүйесінің тұтас педагогикалық процесін басқару	Білім беру жүйесіндегі басқарудың педагогикалық жүйесі және нысаны ретінде. Білім беру жүйесіндегі тұтас педагогикалық процесін диагностикалау. Білім беру жүйесіндегі тұтас педагогикалық процесін жоспарлау. Білім беру жүйесіндегі әдістемелік қызмет және мұғалімдерді аттестациялау. Технологиялық тәсіл негізінде мектепті басқару.
Модуль 3. Білім беру жүйесіндегі педагогикалық ұжымын басқару	Педагогикалық құжым басқарудың объектісі мен субъектісі ретінде. Педагогикалық қарым-қатынас және басқару этикасы. Білім беру жүйесінің тұтас педагогикалық процесінде қатығыстарды басқару. Білім беру менеджерлерінің көшбасшылығы және көшбасшылық қасиеті.

Қорытынды бағалау	Білім беру менеджменттің теориялық-әдіснамалық негіздерін: педагогикалық менеджменттің қызметін, заңдылықтарын, ұстанымдарын, әдістерін, педагогикалық менеджменттің жүйе қалыптастырушы факторларын, білім берудегі менеджмент тұжырымдамасының даму тарихын; жүйелік, ізгіліктік, құзыреттілік, технологиялық тұғырлар негізінде мектепті басқарудың ерекшеліктері бойынша қалыптасқан дағдыны жоба арқылы бағалау.
-------------------	---

4. Мақсат, міндеттер және бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Курс мақсаты: білім беруді басқару органдары мен басқа да көп деңгейлі білім беру ұйымдарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде стратегиялық ойлауға қабілетті, басқарудың инновациялық технологияларын, заманауи білім мекемелерін басқарудың құралдарын меңгерген жоғары білікті басқарушы кадрларды дайындау. Білім беру ұйымын басқарудың тиімділігін арттыруда басшылардың менеджмент теориясы мен практикасы саласында кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Курстың міндеттері:

- Білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;
- Білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;
- Менеджмент саласындағы білім беру ұйымдары басшыларының білімін жетілдіру;
- Білім берудегі менеджменттің теориялық-әдіснамалық негіздері мен тұтас педагогикалық процесс және мектептің педагогикалық ұжымын басқарудың ерекшеліктері жөніндегі болашақ мұғалімдердің білімін қамтамасыздандыру;
- Жұмыс құжаттарын (оқу жоспарлары, аналитикалық анықтамалар) құрастыра білуді дамыту;
- Өзгерістер жағдайында дамушы ұйымды басқару жүйесін құру технологиясын дамытуға ықпал ету;
- Болашақ менеджерлерді білім берудегі менеджменттің мәні және негізгі міндеттері мен таныстыру;
- Айрықша кәсіптік қызмет түріндегі білім берудегі менеджмент туралы айқын әрі саналы көзқарасты қалыптастыру;
- Менеджер қызметінің нысаны ретіндегі бір тұтас педагогикалық процесс тұрғысынан білім беру мекемесін басқару қабілет-дағдыларын қалыптастыру.

Курстың практикалық маңыздылығы

- білім беру процесін тиімді басқаруға (яғни педагог мақсат қоя біледі, қызметті жоспарлай алады, өкілеттіктерді бере алады, нәтижелерді бағалай алады);

- білім беру сапасын арттыруға (яғни педагогтер оқытудың заманауи әдістерін қолдана алады, әр білім алушының дамуына жағдай жасай алады);
- білім беру жүйесін дамытуға (яғни педагогтар инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатыса алады) қажетті білімдер мен дағдыларды алуына мүмкіндік береді;
- педагогтер тап болатын практикалық міндеттерге (яғни бағдарлама нақты жағдайларды талдауды, проблемалық сұрақтарды шешуді, жобаларды әзірлеуді қамтиды);
- әртүрлі білім беру ұйымдарындағы педагогтердің жұмыс ерекшеліктеріне (яғни бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдардағы, жалпы білім беретін мектептердегі, колледждер мен университеттердегі педагогтердің жұмыс ерекшеліктерін ескереді) бағытталған;
- оқытудың заманауи әдістерін (тренингтер, кейстер, іскерлік ойындар, жобалық іс-әрекеттер);
- интерактивті оқыту формаларын (пікір таластар, шағын топтардағы жұмыс, шеберлік сыныптары) қолданады;
- білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді, себебі менеджмент дағдыларын меңгерген педагогтер білім беру процесін мейлінше тиімді басқара алады;
- білім беру жүйесін дамытуға ықпал етеді, себебі педагогтердің менеджмент саласындағы біліктілігін арттыру педагог мамандығының беделін арттыруға, білім беру қызметтері нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, инновацияларды еркін қабылдауға ықпал етеді.

Бағдарлама бойынша оқудан өткен педагогтер өз жұмысында менеджмент саласында алған практикалық дағдыларын дереу қолдана алады.

Пәнаралық интеграцияны күшейту: Инновациялық даярлығы қалыптасқан креативті мұғалім педагогикалық іс-әрекетті кәсіби тұрғыдан қарап, оны әдістемелік жағынан түрлендіріп, өзінің шығармашылығы арқасында инновациялық деңгейге көтеріп, технологиялық операцияларды жүйелеп, педагогикалық іс-әрекеттің жетістіктері мен кемшіл тұстарын зерттеп, танымдық қабілеттерін кеңейтуге ықпал етеді.

- **Жобалық оқытуды дамыту:** Озат тәжірибе туралы, педагогика, психология саласындағы жаңа зерттеулер, мектеп жұмысы жөніндегі ғылыми-әдістемелік материалдар банкі құру.

- **Оқушыларды ғылымға қызықтыру:** оқушылармен қарым-қатынасты дұрыс құра білу, оларды оқу-тәрбие процесінің әріптесі, субъектісі жасау, баланың тілегі мен ынта-ықыласын есепке ала отырып, танымдық іс-әрекетке араластыру зерттеулерге тарту мүмкіндігі артады.

- **Шығармашылық және сыни ойлауды дамыту:** Оқу-тәрбие жұмысының мазмұн, форма, әдіс-тәсілдерін дамытудың жақын арадағы және келешектегі мақсаттарын айқындау, ұжымның және жеке арадағы және келешектегі мақсаттарын айқындау, ұжымның және жеке мұғалімнің ғылыми-әдістемелік іс-әрекетін дамытуға мүмкіндік алады.

- **Халықаралық тәжірибені енгізу:** өздерінің педагогикалық

тәжірибелерін халықаралық деңгейде жинақтаған, педагогикалық практикада ғылыми негізделген әдістерді, авторлық оқыту және тәрбиелеу технологиясын жүйелі түрде қолданатын тұлғалар оқытудың инновациялық әдістерін білім беру жүйесіне енгізу жолдарын табуға болады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары ұсынылып отырған бағдарлама бойынша:

- ұйымдарды модельдеу теориясының негізгі ұғымдарын, әдістері мен құралдарын білу;
- білім басқармасы саласындағы негізгі ақпараттық технологияларды білу;
- білім беру процесін модельдеу қабілеті;
- басқарушылық шешімдер қабылдау үшін сандық және сапалық талдау дағдыларын меңгеру;
- білім беруді болжау және басқару үшін ақпараттық технологияларды меңгеру;
- басқарушылық пәндерді оқытудың белсенді әдістерін меңгеру;
- курс тыңдаушылары ерекше білім қажеттігі бар балалар үшін, өз кәсіби саласы бойынша, жеке тәжірибеге негізделген әдістемелік құжаттардың бірін әзірлейді және көпшілік алдында қорғайды.

5. Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары

Модуль 1. Білім берудегі менеджменттің ғылыми-теориялық әдіснамалық негіздері	1.1. Нормативті құжаттар 1.2. Менеджмент–басқару туралы ғылым. 1.3. Педагогикалық менеджмент педагогикалық жүйелерді басқарудың теориясы және технологиясы ретінде. 1.4. Педагогикалық менеджменттің заңдылықтары. 1.5. Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары 1.6. Мектептегі жаңашылдықты басқару.
Модуль 2. Білім беру жүйесінің тұтас педагогикалық процесін басқару	2.1. Білім беру жүйесін басқарудың педагогикалық жүйесі және нысаны ретінде. 2.2. Білім беру жүйесін тұтас педагогикалық процесін диагностикалау. 2.3. Білім беру жүйесін тұтас педагогикалық процесін жоспарлау. 2.4. Білім беру жүйесін әдістемелік қызмет және мұғалімдерді аттестациялау. 2.5. Технологиялық тәсіл негізінде мектепті басқару. 2.6. Деректерді жинау және талдау әдістері. 2.7. Рефлексия
Модуль 3. Білім беру жүйесінің педагогикалық ұжымын басқару	3.1. Педагогикалық ұжым басқарудың объектісі мен субъектісі ретінде. 3.2. Педагогикалық қарым-қатынас және басқару этикасы. 3.3. Білім беру жүйесіндегі тұтас педагогикалық процесінде қақтығыстарды басқару.

	3.4. Білім беру менеджерлерінің көшбасшылығы және көшбасшылық қасиеті 3.5 Жобаларды бағалаудың критерийлері.
Қорытынды бағалау	4.1. Бақылау объектісінің белгіленген нормасының сәйкестік дәрежесі бойынша ақпарат жинау 4.2. Жаңашыл мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерін оқып үйрену, тарату және оқу-тәрбие процесіне енгізу. 4.3. Инновациялық панорамалық сабақтарын ұйымдастыру бойынша рефлексия. 4.2. Қатысушылардың дайындаған жобаларын қорғау. 4.4. Курс нәтижелерін талдау және қорытындылау.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушыларды барынша дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері қолданылады. Ол үшін келесі қызмет түрлері іске асырылады: оқыту үрдісінің оқу-әдістемелік әдебиеттермен және оқу ресурстарымен қамтамасыз етілуі; ТӨЖ тапсырмаларын күнделікті әзірлеуді бақылау және оларға кері байланыс жасап отыру; оқу үрдісіне заманауи әдістемелерді, оқыту технологияларын және оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды енгізуді үйлестіру; тыңдаушылардың өнімдерін презентациялауды ұйымдастыру.

Курсты оқыту барысында дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажазпар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б. әдістер қолданылады.

Бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында, курстың инновациялық толтырылуы қамтамасыз етіледі. Олар: дәріс сабақтарының презентациялары, тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары, ТӨЖ тақырыптары, қолданылатын технологиялардың тізімі: дамыта оқыту, сараланған оқыту, СТО, интерактивті әдістер: кейс-стади, Smart мақсат, SWOT-талдау, брейнштурминг, инновациялық тәжірибелер: трансформациялық жаттығулар, іскерлік ойындары, эзотерикалық техникалар т.б.

Курстың мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтау тыңдаушылардың оң нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал ететіні анық. Олай болса, курсты аяқтағанда тыңдаушы қол жеткізуі тиіс түпкі мақсаттарына жету үшін, өлшеу және бағалау әдістері қарастырылады; әр тыңдаушының жеке білім траекториясы анықталады; іс-шаралар жоспары жасалады; олар үшін алға қойған мақсатқа жетуге көмектесетін нақты тапсырмалар құрастырылады; оқу тапсырмаларын орындауды бағалаудың тиімді әдістері іріктеледі; курс

шеңберіндегі тапсырмалардың заманауи-кәсіби әлеуеті қамтамасыз етіледі. Осы шарттарды жүзеге асыру барысында мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескеру қажет: тыңдаушылардың қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын ұстап тұратындай белсенді оқуды ұйымдастыру; тыңдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, әртүрлі оқу стильдері мен дайындық деңгейлеріне бағдарланған жеке қатынас; тыңдаушы өз ой-әсерлерімен бөлісе алатындай және үрдісті жақсарту мақсатында ұсыныстар жасай алатындай, кері байланыс тетіктерін қамтамасыз ету.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

№	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Педагогикалық менеджмент педагогикалық жүйелерді Басқарудың теориясы және технологиясы	10 сағат	Лекция, семинар	Презентация қазіргі талаптарға сәйкес білім беру саласындағы педагогикалық менеджменттің теориялық білім беру негіздері туралы, тарихи даму мен қазіргі жағдай. Тақырыптық әдебиеттер тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
2	Білім беру менеджерлерінің көшбасшылығы және Көшбасшылық қасиеті	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Білім берумекемесін басқаруда жүйелік, ізгілік, адамгершілік, құзіреттілік және технологиялық құзыреттілік дағдыларын, оқытуды жоспарлау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Жобаларды жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар.
3	Педагогикалық қарым-қатынас және басқару этикасы	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Білім беру мекемесінің әдістемелік жұмыстарына араласуды, білім беру процесінің тиімділігін талдау мен бағалауды, педагогикалық менеджменттің шектеулерін еңсеру бойынша әдістерді қолдану.
4	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық

				жұмыстар
--	--	--	--	----------

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық менеджмент негізінде қазіргі ұйымды басқару жүйесі» біліктілікті арттыру курсының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бағалау әдістерінің тиімділігі оқыту нәтижелілігін көрсетеді. Сондықтан, жеке бағдарламада кәсіби дайындық барысында оқу әрекетінің маңызын түсіну; мотивацияның жоғарыдеңгейі; басқару біліктілігін дамыту; кәсіби өзіндік бағалауын тәрбиелеу; коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыру және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының әлеуеті толық жұмылдырылғаны бағаланады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауonline режимінде, қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол үшін WhatsApp желісі және e-mail қызметі қолданылады. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері: жеке бағдарламасы «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған тыңдаушыға әдістемелік көмек көрсету; ол үшін курстың озат тыңдаушылары және өнімі төмен бағаланған тыңдаушымен бірге қызмет ететін әріптестері (курстың бұрынғы немесе қазіргі озат тыңдаушылары) 1 ай мерзім ішінде менторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Курстан кейінгі қолдау форматы, нысандары мен әдістері жағдайға қарай икемделуі мүмкін.

10. Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы/ЕгеменҚазақстан, 27.07.2007ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010. - 105 б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарғаарналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2016.
4. Абитаева Р.Ш. Развитие управленческой компетентности руководителей организаций образования в системе повышения квалификации – Диссертация на соискание ученой степени к.п.н. – Караганда, 2010. С. 204
5. Аганина Қ.Ж. // Мектептегі экономикалық білім негіздері. Алматы , 2011.-150 б.
6. Американские буржуазные теории управления (критический анализ) / Под ред. Б.З. Мильнера, Е. А.Чижова. -М., 1978.
7. Анисимова Т.С. Управление образовательными системами:

- Методическое пособие для студентов. - СГПИ, 2002.
8. Антоненко Н.В. и др. Введение в управление.- М., 2002.
 9. Баймолдаев Т.М. Мектепшілік басқаруды ұйымдастыру құрылымы. - Алматы, 2005.
 10. Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой.-Алматы, 2001.
 11. Баймолдаев Т.М., Безруков В.И., Носков И.А., Соловова Н.А. Педагогический менеджмент и управление развитием образования. Коллективная монография. -Алматы-Самара, 2007. -466 с.
 12. Баймолдаев Т.М., Безруков В.И., Носков И.А. Научное управление развитием школы. -Алматы-Самара, 2007.-186 с
 13. Банщикова Т.Н. Профессиональная готовность педагога к управлению педагогическим процессом // Сб. науч. трудов Северо-Кавказского гос. технического университета. Сер. «Гуманитарные науки». – 2005. – №2 (14) // <http://www.ncstu.ru>.
 14. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері: Оқу құралы.
 15. -Ақтау, 2010.-87 б.
 16. Белкина А.С. Основы педагогических технологий: Краткий толковый словарь. - Екатеринбург, 1995.
 17. Большой энциклопедический словарь - М.: Большая рос.энциклопедия. - СПб.: Норинт, 1998. -1456 с.
 18. Ботавина Р.Н. Этика Менеджмента.- М.: «Финансы и статистика», 2001 г.
 19. Бузаубакова К.Д., Ахметова А.Н. Педагогикалық менеджмент және қазіргі мектепті басқару. Оқу құралы. -Тараз: ТарМПИ, 2015. - 156 б.
 20. Бұзаубакова К.Ж. Білім сапасы менеджментінің жүйесі. Оқу құралы. - Тараз: ЖК «Байталиев Е», 2009. - 154 б.
 21. Бұзаубакова К.Ж. Педагогика. Оқулық.-Тараз: ЖК «Байталиев Е», 2019. - 329б.
 22. Бұзаубакова К.Ж. Педагогикалық шеберлік. Оқулық.-Тараз: ЖК «Байталиев Е», 2019.
 23. Борытко Н.М. Управление образовательными системами: Учебник для студентов педагогических вузов/Под ред. Н.М.Борытко.- Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2006. -48 с. (Сер. «Гуманитарная педагогика». Вып. 4.
 24. Горинов П. Е. Оценка эффективности управления: предмет, методы, инструменты) // Роль аналитика в управлении компанией. -М.: ИКФ Альт, 2002
 25. <http://www.aup.ru/books/m74/4.html>.
 26. Жайтапова А.А., Садвакасова З.М., Кабдолданова Б.А. Менеджмент качества в организации образования. - Алматы, 2010. -279 б.
 27. Жәкенова Б., Тәмпішева Қ., Мақсатова Л. Менеджмент негіздері: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007. -260 б.
 28. Жексенбаева У.Б. Компетентностно-ориентированное образование в современной школе. Учебно-методическое пособие. - Алматы, 2009. -178 с.

29. Журавлева Л.В. Практические основы профессиональной подготовки менеджеров образования . - Сургут, 2000.
30. ИсаеваЗ.А. Подготовка менеджеров образования в высшей школе: Монография. -Алматы: Қазақ университеті, 2005. -135 с .
31. Исламгулова С.К. Управление развитием школы: технологический аспект. Учебно-методическое пособие.- Алматы: ИК ПКСО, 2010.- 300 с.
32. История менеджмента/Подред. Д.В.Валового.-М.,1997.
33. Кабаченко Т.С. Психология управления.-М., 2000.
34. Ковалишина Г.В. Системный подход в оценке эффективности управления фирмой // Аудит и финансовый анализ. -2002. -№ 2.-<http://auditfin.eom/fin/2002/2/rkovalishina/rkovalishina.asp>
35. Козыбаев Е.Ш. Научно-педагогические основы управления современной высшей школой на основе менеджмента в условиях многоуровневого образования. - Шымкент: Международный казахско-турецкий университет им.Х.А.Ясави, 2006.
36. Конфликтология.Учебное пособие.Сост.Буртовая Е.В.-М., 2002.
37. КоробкоВ.И.Менеджмент организации.-М.:ЮНИТИ-ДАНА, 2009.-383с.
38. Крыжко В.В.. Психология в практике менеджера образования. СПб, «КАРО», 2001.
39. Құнанбаева Д.Ә. Ұйымдастырушылық мінез-құлық: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 256 б.
40. Майоров А. Н. Мониторинг в образовании. -СПб.: Образование и культура, 1998. – 334 с.
41. Маслов Е. В. Управление персоналом предприятия // Библиотека Воеводина <http://enbv.narod.ru/text/Econom/maslov/str/15.html>.
42. Менеджмент в управлении школой. Учебное пособие / Под ред. Т.И.Шамовой. -М., 2000.
43. Минажева Г.С. Стратегия развития высшего образования в Европе/ Г.С.Минажева, А.А.Нурмагамбетов, З.Б.Салкынбаев.- Алматы: Қазақ университеті, 2004.- 154 с.
44. МорозовА.В. Управленческая психология.-М.:Трикста, 2005.
45. Моисеев А.М., Моисеева О.М. Основы стратегического управления школой:учебное пособие. -М.:Центр педагогического.образования, 2008.- 256 с.
46. Нармбаев К.Н, Аганина К.Ж. Турабаев Г.К., Утебаева Н.М. Менеджмент с сфере образования. Учебное пособие. -Алматы, 2012. -140 с.
47. Нармбаев К.Н. Джумабаев А.С. Менеджмент: Учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 1998.
48. Нармбаев К.Н. Реформа высшего образования в Казахстане. - Алматы, 2013. -390 с.
49. Омарова В.К., Рачинская Н.П., Баринова О.Н., Шевченко Л.В. Педагогический менеджмент и управление современной школой (учебно-методическое пособие). - Алматы: ИП «Отан», 2014. -252 с.
50. Панышина Т. В. Мониторинг качества образования: Учеб.пособие.-

- Алматы, 2007. -104 с.
51. Руководство по проведению само оценки вуза. -Астана: Национальный аккредитационный центр МОН РК. Т. IV. -2009. -152 с. - (Серия методических изданий «Библиотека ректора»).
 52. Садвакасова З.М. Мировые концепции менеджмента для организации образования. Учебное пособие -Алматы, 2010. -298с.
 53. Салина Р.М. Словарь-справочник терминов и понятий по научно-педагогической информации / Р.М.Салина. -Алматы, 2004. -78 с.
 54. Сергеева В.П. Управление образовательными системами.- М.,2000.
 55. Симонов В.П.Педагогический менеджмент. 50 ноу-хау в области управления образовательным процессом. Учебное пособие.- М.: Российское педагогическое агентство, 1995. - 226 с.
 56. Паньшина Т.В. Айтпаева Ж.Ж. Педагогикалық менеджмент. Оқулық.- Алматы, 2012.
 57. Управление качеством образования: Практико ориентированная монография и методическое пособие /Под ред. М.М.Поташника. - М.: Пед.общество России, 2000. -448 с. (Менеджмент в образовании).
 58. Управление персоналом:учебник/подред.Т.Ю.Базарова,Б.Л. Еремина. - М.: 1999. <http://www.aup.ru/books/m152/12.htm>
 59. ШамоваТ.И.идр.Управление образовательными системами.-М.,2002.
 60. Этика руководителя/<http://www.rhr.ru/index/thesaurus/7551,0.html>

Қосымша әдебиеттер:

61. Есполов Т.И., Сулейменов Ж.Ж., Менеджмент.-Алматы, 2003.
62. Рахымбаев А.Б., Сабатаева Б.О., Бельгибаев А.Қ. Менеджмент. - Алматы: «Нұр-пресс», 2006. -164 бет.
63. Гапонцева М. Г., Гапонцев В. Л., Федоров В. А. Синергетика в педагогике: целесообразность переноса [Электрон, ресурс] // Образование и наука. 2008. № 9 (57). С.100-109. Режим доступа: <http://edscience.ru/sites/default/files/2008/2008-9.pdf>.
64. ГришинаН.В.Психология конфликта.-М.,2008.
65. Евдокимова М.В. Портрет менеджера образования [Электрон, ресурс]// Совместный Европейский проект Темпус IV «Сетевое взаимодействие университетов-партнеров в реализации много уровневой системы подготовки и повышения квалификации специалистов в области образовательного менеджмента». Режим доступа: <http://tempus.novsu.ru/mod/resource/view.php?id=38>.